

TURKISTAN

Төлепберген Тоқжанов: Сөзбен жеткізе алмағанды күймен жеткізген халықпыз

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры



Бүгінгі қазақ музыка өнері қанша зерттелді, дамыды дегенімізбен әлі күнге шешімін таппаған кейбір мәселелер бар, сондай-ақ ерекше назар аударарлық жаңалықтар да жоқ емес. Сондықтан біз белгілі күйші-композитор, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының оқытушысы Төлепберген Тоқжановты сұхбатқа шақырып, ұлттық музыкамыз жайында әңгімелескен едік.

– Төлепберген Төреахметұлы, сіздің мықты домбырашы, күйші-композитор екеніңізден хабарымыз бар. Оның үстіне консерваторияда ұстазсыз. Былайша айтқанда, 40 жылдан аса өміріңіз домбырамен өтіп келе жатыр. Әңгімені күйден бастасақ...

– Қазақтың күйі деген ғаламат өнер ғой, бірнеше минуттың ішінде адамды өз әлеміне тартып әкетіп, толғандырып, толқытып, еліктіріп, егілтіп, жан дүниесін сұрапыл күшпен сілкіп-сілкіп тастап, шабыттандырып, рух береді. Біздегі ең ұзақ күй – Дәулеткерейдің «Жігер» деген күйі. Ұзақтығы 5 минуттан асады, Дәулеткерейдің өзі бабына келтіріп тартқанда 6 минутқа жетеді екен. Ал басқа күйлер көбіне 1 жарым минуттан 3 минутқа жетіп, кейде одан да асып жатады ғой. Сол санаулы минутта адамның ішіндегі жалынын, жан толқынысын музыка тілінде сөйлеп береді. Күйші дегендер де, былайша қарағанда, қарапайым адам ғой – күнделікті өмірдің күйбеңінде көппен бірге жүрген. Ал олар күй

шығарғанда Құдаймен тілдескендей күй кешетін құдірет иесі. Күйді орындағанда қанаттанып, дүниенің кәкір-шүкірін мүлде есінен шығарып, қанаттанып, биіктеп кетеді.

Сенерсің, сенбессің – кейінгі кезде маған «Алла Тағала менің бір айға ғана Құрманғазының қасында жүргізсе, қалған өмірдің қажеті де болмас еді» деген ой келеді. Ол арман, себебі Құрманғазының күй шығарған сәтін, оның саусақтары домбыраның пернесін қалай басып, шектерді қалай қаққанын көрген жоқпыз ғой! Демек, күйшімін дегендердің өзінде рухани аңсар болады, ол толастамайды.

Ұлы күйшілеріміздің болмысы – халқымыздың ұлылығы, болмысының асқақтығы, ойының тереңдігі, шеберлігінде шек жоқтығы. Тілмен жеткізе алмайтын нәрсені музыка тілінде сөйлеткен халықтың дарын қуатын қалай мақтасаң да жарасады!

– Болашақ бала жастан басталады ғой, сіздің домбыраға, күйге, одан әрі ұстаздық қызметке келуіңізге жол қалай түсті?

– Өзім туған Қызылорда қаласында мектепке енді барып жүрген шағым, 1972-73 жылдары домбыраға қызығушылығым оялды. Бірақ ол кезде домбыраны сатып алуға да таппайсың. Менің ынтамды байқаған әкем «Қазалыдағы ағамның үйінде домбыра бар, шынымен үйренгің келсе соны алдырамын» деді. Әкемнің ағасының отбасы Қазалыда тұратын, өзі ол кезде өмірден өтіп кеткен. Соның ұстаған домбырасы ғой. Әкем оларға хат жазып жіберді, олар келіп алып кетіңдер депті. Әкем 1957 туған ағамды пойызбен жіберді. Сөйтіп, домбыра келді. Қолдан жасалған ойма домбыра. Капрон жіптен салынған шегіне қолың тисе күмбірлеп тұр. Ағам екеуміз үйрендік. Алғашқы домбырадан үйренген әуеніміз – атақты «Дос-Мұқасан» ансамблі айтатын «Қайдасың» әнінің әуені. Бірақ оны үйренуге ағамнан бұрын мен үлгірдім.

Әңгімемізге қайта оралсақ, ...сөйтіп өз бетімше домбыра үйреніп жүрдім. Сыныпта старостамын. 7 сыныпта оқимын. Орынбасар деген сыныптас досым (әлі араласамыз) бір күні сабақта мұғалімге домбыра үйірмесіне қатысып, күй үйреніп жүргенін айтып қалды. Оған мені де апаршы деп өтіндім. Ол мені Қызылорда қаласындағы Пионерлер сарайына ертіп барды. Барсақ, өзімізбен қатар оқушылар дөңгеленіп, алқа-қотан отыр, ортасында бір сары кісі отыр. Кешігіп барыппыз. Орынбасар кешігіп қалғанына кешірім сұрады да, «мына бала да домбыраға қатысқысы келеді, алыңызшы» деп еді, әлгі кісі «Домбыраға қолы жетпейтін құртақандай пәлелерді қайтеміз жинап» деп еді, отырғандар ду күлді. Бетіме ешкім келіп көрмеген, бір сыныптың старостасы, отличник болып дүрілдеп жүрген менің ызам келгені соншалық, жылап жібере жаздадым. Соны сезді ме, ана кісі «Бір әдемі ән салып берсең алайын» деді жұбатқандай болып. Мен көзіме жас келіп тұрып Нұрғиса Тілендиевтің «Алатау» әнін айтып бердім. «Домбыраға алындың» деді ағай, бәрі әніме қол шапалақтады. Содан бері қолымнан домбыра түскен емес.

Осы арада мынаны айта кетейін, ноталық сауат керек нәрсе ғой, бірақ оның да олқылығы бар. Мәселен, консерватория студенттеріне емтиханға бір апта қалған кезде нотаны бересің, олар жаттап алады – керемет ойнап шығады, емтиханнан шыққан соң ұмытып қалады. Ал домбырашыға керек қасиет – құймақұлақтық. Мәселен, менің ең алғаш үйренген күйім әлі есімде. Кез келген уақытта тартып бере аламын. Ең алғаш музыка мектебінде Тасболат Ысқақов деген кісіден Қабиболла Тастановтың «Би» күйін, одан соң халық күйі «Кеңес» пен Дәулеткерейдің «Қос алқа» күйін үйрендім. Әлі күнге есімде. Бұл – ата-бабамыздан келе жатқан құймақұлақтықтың арқасы. Бізге Қорқыттың қобызбен шерткен күйлерінен бастап, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет – бәрінің мұралары соларды құлақпен «алған» өнерпаздар арқылы жетті.

1979 жылы музыка мектебінде оқып жүрген кезде Алматыда өткен домбырашылардың республикалық конкурсында екінші, 1983 жылы Қызылорда музыкалық училищесіне жүргенде Семей қаласында музыкалық училищелер арасында республикалық конкурста екінші, 1990 жылы Қазақ ұлттық консерваториясында Атырауда өткен Құрманғазы атындағы республикалық конкурста үшінші орын алып, домбырашылығым шыңдала түсті.

Консерваторияны бітірген соң (1991 жылы) «Салтанат» мемлекеттік ән-би ансамбліне жұмысқа тұрдым. Сол ансамбль құрамында шетелге шығып күй тарттым. Бірақ анам науқастанып (қасында тек әкем бар), елге қайтқанымызды қалады. «Өзің қалсаң қал, бірақ келінді жібер» дейді (әйелім нағыз қазақы ауылдың қызы, анама қызметі ұнайды), сосын Қызылордаға қайтуға мәжбүр болдық. Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжіне оқытушы болып орналасып, 13 жылдай жұмыс істедім. Мұхтар Құл-Мұхаммед әкім болған кезде Қызылордада Ерболат Мұстафаев екеуміз оркестр аштық.

2010 жылы маусымның басында Алматыға келіп, консерваторияға соққанымда атақты күйші, ұстазымыз Қаршыға Ахмедияровпен кездесіп қалдым. Ол амандық-саулық сұрасқан соң телефон соғып, Халық музыкасы факультетінің деканын шақырып алды да, «Мына баланы осында жұмысқа алу керек, бұл өзі күй тартады, күй шығарады және кітап жазады, бізге нағыз керек адам» деп ұсыныс айтты. «Мұның төрт баласы бар, бұл жаққа келсе қайда сияды» дегендерге Қаршекең «Қаланың іргесінен жер алып береміз, азамат қой, бірдеңе қылып үй салып алар» деді. Соған жүрегім жарыла қуанып, мәз болдым. Кімді осылай консерваторияға шақырып жатыр?! Және анау Қызылордадан! Бірақ тағдырдың бұралаңын кім білген, бір аптадан соң аяқ астынан Қаршыға ағамыз дүние салды. Алматыға келетін болдым деген сенім құлады. Бұйырмаған шығар деп бұл шаруаны ұмытуға қарағанда, Қызылордада жүрген мені Кәрима Сахарбаева апамыз аяқ астынан шақырды, «Ертең жұмысқа кел» деп. Ұшып жетуге де мүмкіндік жоқ еді, бірақ сол кезде

Алматыда оқып жатқан қыздарым ұшаққа билет әперіп, апыр-топыр Алматыға жетіп, консерваторияға жұмысқа тұрып кеттім. Обалы не, мені шақыртқан кісілер бір жарым ставка сабақ дайындап қойған екен. Сірә, мұндай қамқорлық – консерватория тарихында жұмысқа шақыртылып алған ешбір адамға жасалмаған да шығар-ау!

Жаңа ортада қызмет атқару да оңай емес, өзімше оқытушы болып жүргенмен, бұл жерде мені оқытқан ұстаздарым еңбек етеді. Соларды көріп қалсам қысыламын. Сонда ол кісілердің алдында өзімді әлі студент сезінеді екенмін ғой!

– Сіздің бір елеулі еңбегіңіз – алғаш рет Сыр өңірінің жыр-термелерін, жыр-күйлерін нотаға түсіру екен. Бізде бұрын-соңды жасала қоймаған бұл іске құлшына кірісіп, арнайы кітап жазуыңыздың себебі не?

– Консерваторияға келгеннен кейін 1997 жылы ізденуші ретінде кандидаттық диссертация қорғау үшін ғылыммен айналысу керек болды. Өнертану ғылымының докторы, профессор Саида Еламанова жетекші болды. Сол кісі маған «Күйден қорғап жатқандар көп, сен біраз сыртта жүріп қалдың ғой, күй зерттеу қиындау тиер. Ал мына Сырдың ақын-жыраулары туралы филологтар көп жазып тастады, бірақ олардың мақам-саздары нотаға түспеген. Сен соның музыкалық жағын зертте» деп кеңес берді. Қызық болғанда, мен бір кезде сол Сырдың көмекеймен айтатын жыраулық өнерін жаратпайтынмын. Өзім сол өлкеде туып-өссем де! Саида апай шақырып алып біраз кассета берді. Тыңдап көремін, түк тартпайды. «Мұның қай жері ерекше, несі керемет» деп ойлаймын. Кейін зер салып тыңдап қарасам... расында өзгешелік бар екен.

Сол кезде Айнұр Ешбаева деген термеші қыз бар еді (1997 жылы қайтыс болып кетті), соның айтқан бір термесін тыңдап қарасам, әлгі термені үш рет қайырғанда үшеуі үш түрлі шығады, әр қайырғанда дамып, күшейіп отырады. Сосын Көшеней Рүстембековтің дыбысжазбасын тауып алып тыңдадым. Сөйтіп-сөйтіп, жыр-терме әлеміне ене бастадым. Арал-Қазалы мен Қармақшының мақамдарының айырмасын, өзіндік ерекшеліктерін ұға түстім. Ұғып-түсінгенімді Саида апайға айтамын, ол кісі «Жоқ, маған ауызша айтқаның керек емес, қағазға түсіріп бер» дейді. Нотаға түсіре қоюға мақам-саз деген қиын. Не де болса тәуекел деп, Сұраған Мырзаевтың бір мақамының нотасын жаздым. Сұраған марқұмның үні ашық еді ғой, бәрін анық айтатын. Тынық орындалған терме мақамы нотаға түсіруге жеңілірек болды. Сосын Рысбек Әшімов, Демеу Жолымбетовтерді түсірдім. Одан соң Қармақшы мақамдарына келдім. Оларда тіпті басқаша. Домбырада секунда деген жағымсыздау дыбысты ұстап тұрып, айтуын басқаша айтады. Бұл не деп түсінбей сұрасам, ол терме айтудың Қармақшыдағы дәстүрі екен. Кейін оны ұғып алған соң, Сырдың гөй-гөйін түсірдім нотаға. Сөйтіп, осындай біраз жұмыс істеген соң жинақтап әкелсем, мына жақтағылар «Мұны кітап

қылып шығару керек қой» дейді. Бәрі мақам-саздардың сан алуан екеніне таңғалып жатыр. Қармақшының өзінен 25-тен аса, Арал-Қазалы аймағынан 30-шақты мақамды нотаға түсірдім. Сөйтіп, 2002 жылы Арал-Қазалы өңірінің мақам-саздарын қамтитын «Сырлы сарын» атты алғашқы кітабым жарық көрді.

Зерттей жүріп көзім жеткен бір нәрсе, Қармақшы өңірінің мақам-саздары Қорқыт күйлерінің сарынына келеді. Бірақ Қорқыт күйлеріне Қармақшының жыр мақамдары негіз болды ма немесе Қармақшы мақамдары Қорқыт күйлерінен пайда болды ма, тап басып айту қиын, бірақ қандай да бір сарындастық бары анық. Мәселен, Қорқыттың күйі мен Сыр бойының мына бір гөй-гөйін салыстырып қарайық (домбырада шертіп көрсетті. – А.Ө.), бірдей емес пе? Бұл – тегіннен-тегін нәрсе емес. Бұл ұлы Қорқыт (оны жоқ деуге де біреулердің аузы барып жүр ғой!) шығармашылығының Сыр бойы музыкалық мәдениетімен тұтасып кеткенін көрсетпей ме?!

Сосын Қазанғап күйлері туралы жазған мақаламда Қазанғап күйлеріне Сыр мақамдары негіз болған деген тұжырым жасадым. (Осы арада Т.Тоқжанов Сыр бойы термелерінің төртеуін және Қазанғап Тілепбергенұлының төрт күйін тартып көрсетті. Расында, ол шығармалардың арасындағы сарындастық, әуен-саздың ұқсастығы анық байқалып тұрды. – А.Ө.). Осылайша, Сыр бойының мақамдарын зерттей жүріп, оның арғы дәуірдегі көне музыкамен үндестігіне және оның бергі дәуірдегі музыкалық мәдениетімізге зор әсері болғанына көзім жетті.

– Күйшілік өнерді зерттеуіңіз де назар аударарлық. Мәселен, Тауелібай қазақтарының әйгілі күйшісі Жаманқара күйшінің туындыларын зерттеп, нотаға түсіріп шығарыпсыз. Ол кісінің шығармаларының өзгелерге ұқсамайтын қандай ерекшеліктері бар? – Ол енді бір қызық тарих! Басынан бастап айтып берейін.

Әкем марқұм жұмысшы болды. Мен ол кісіге күні бүгінге дейін таңғаламын. Шешен сөйлейтін. Дін, тарих, әдебиет саласын өте жақсы білетін. Тіпті, бар ғой, Құдай асылыққа жаздырмасын, осы үш саланы анау-мынау профессордан кем білмейтін. Үйде кітап көп болатын. Соның ішінен сыртында батырдың атқа мінген суреті бар кітапты алдырып, бізге әндетіп отырып оқып беретін. Кейде жатқа да айта беретін, біз әуезді етіп жыр оқып отырған әкемізге таңғалып, ұйып тыңдайтынбыз.

Шыны керек, әкем менің үйірмеге қатысқаным, домбыра үйреніп жүргеніме онша назар аудармайтын. «Папа, мынадай күй үйрендім» деймін, ол кісі «Е-е, жақсы екен» дейді де қояды. «Тартшы, тыңдайын» демейді. Мен болсам, әкеме өнерімді көрсеткім келіп, ішім жарылардай боламын.

Бір күні республикалық конкурстың лауреаты болдым. Оны теледидардан көрсетіп, газетке жазып жатыр. Әкем газет-журнал қалдырмай оқитын адам. Менің жаңалығымды білгеннен кейін, «Е-е, балам,

мынадай дәрежеге жетіпсің, жақсы екен. Кәне, күй тартшы, мықты домбырашы болыпсың ғой» деді. Ал мен әкемнің бұл сөзін төрт жылдан бері күтіп жүргенмін ғой, әкем қашан маған домбыра тарттырып тыңдайды деп. Содан отырып алып, «Балбырауын», «Адай», «Сарыарқа», «Көңілашар» – бірінен соң бірін тартып жатырмын. Әкем әр күйді тартқан соң сұрайды: «Бұл күйдің аты не?» «Сарыарқа». «Кімнің күйі?» «Құрманғазының күйі». «Оны неге байланысты шығарған?» «Ой, қайдан білейін...» Осылай бірнеше рет сұрады. 7-сыныптың оқушысымын, күйдің мәнін, тарихын қайдан білейін? Сосын әкем менен «Балам, Жаманқара деген күйшіні білесің бе?» деп сұрады. «Жоқ» дедім. Әкем мырс етіп күлді де, әңгіме бастады: – Мен жасым 17-ден өткенде көктемде «Жаманқара деген күйші келейін деп жатыр» деп ауыл дүрлігіп кетті. Қазалыдағы Көларық деген жердеміз. Содан ауыл ақсақалдары бір ауқатты адамның үйіне жиналды. Екі-үш күннен кейін Жаманқара келді. Ұзын бойлы, сымбатты кісі екен, құлағына орап қоятын ұзын мұрты бар екен. Содан үйге кіріп, біраздан соң күй тартты. Үйге адам сыймайды, босағадан сығалап тұрып тыңдадық. Бірнеше күй тартқан соң Жаманқара былай деп әңгіме бастады: «Отыз-отыз бестердегі сері кезім. Саусақтарым әбден жаттығып, домбыраны сөйлететін шағым. Бір күні бір бай кісі мал сойып, үйіне шақырды. Күйшіні байлар шақырып құрметтесе керемет қой, ол кезде олай арнайы шақырту сирек. Ретінде тойларға шақырып күй тарттыратыны болмаса, былайғы кезде бізбен жұмысы жоқ. Сонымен байдың үйіне бардық, біраз әңгімелесіп, ән салып отырғаннан кейін маған «Жаманқара, осы күнде сенің атың қатты шығып жүр, сонда сен күйшісің бе?» деп сұрады. «Иә, күйшімін» дедім. «Онда былай болсын, екеуміз шарттасайық. Менің ана кіші тоқалым бар, сен соны күй тартып еліктіріп, істеп отырған ісінен жаңылдырсаң, мен сенің үстіңе шапан жауып, астыңа ат мінгізіп, алдыңа мал саламын» деді бай. Алты қанат ақ ордаға жиналып отырған көптің көзінше солай деді. Не дерімді білмедім, жұрттан қысылып та кеттім. Сөйтсе де, нартәуекел деп байдың шартымен келістім. Бай маған, «Онда қай кезде бастайтыныңды өзім айтам, мен ымдаған кезде бастай бер» деді. Бір кезде тоқалы келіп, алдына табағын қойып қамыр илей бастап еді, бай ымдады. Мен жайымен ән бастап едім, тоқалдың құлағы түрік екен, ыңылдап қосылып қояды. Оның әуенге елтігенін сезіп, күй бастадым. Табанда екі-үш күй шығарып тартып, домбыраны әбден бебеулетіп, өзім де қара терге түстім. Бір кезде келіншекке қарасам, екі көзі менде, екі жұдырығымен алдындағы қамырды емес, жерге төселген киізді илеп отыр екен. Кілт тоқтап байға жалт қарап едім, ол түнеріп кеткен екен. «Жүр, ізіме ер» деп жылқысына алып барып «Қалаған атыңды таңда» деді. Сөйтіп, бай сөзінде тұрып, уәдесін орындады...».

Әкем Жаманқара туралы осындай әңгіме айтып берді. Жаманқараның күйі есінде қалмаған. Есінде қалғаны күйшінің әлгі әңгімесі ғана. Ал мен

содан кейін музыкалық училище бітірдім, консерваторияны аяқтап, Арал-Қазалыны олай да, былай да аралап Жаманқара туралы сұраймын ғой! Көрдім-білдім деген адам жоқ. Уақыт өте ондай күйші болғанына күмәндана бастадым. Бірақ сенбейін десем, әкем айтқан әңгіме бар, сенейін десем, еш жерден дерек шықпайды...

Пандемияның кезі еді. Бірде Алмас Алматовқа телефон шалып, әңгімелесіп қалдық. «Не істеп жатсың?» деп сұрады. «Баяғыда әкем айтқан Жаманқара деген күйшіні 40 жылдан бері іздеп жүрмін, табылатын емес» деп едім, Алмас аға: «Ой, Төлеп, мен оны білемін» дейді.

«Қойыңызшы, рас па?» деймін. «Жаманқараның баласы Совет Жаманқараев деген ақын, әкесіне жетеғабыл күйші болған. 40 күйін Тілендиевке өткізген. Осында ұрпағы бар» дейді Алекең. «Қайда ол ұрпағы?» десем, «40 жыл күттің ғой, тағы бір-екі күн шыда» дейді дегбірімді кетіріп. Сөйтіп, екі-үш күннен кейін бір күйін жіберді. Тамаша. Сосын Жаманқара күйшінің немересінің телефонын берді. Совет Жаманқараевтың Ғабиден деген баласы Қарағандыда тұрады екен. Тамдыдан көшіп келгеніне 4 жыл болған. Сол кезде бір ауырып тұрғам, Қарағандыдағы бір шәкіртіме айтып, машина дайындатып, күйшінің немересінің үйіне бардым. Ұрпағынан Жаманқара туралы әңгімелерді естідім, суретін алдым. Күйлерін өзіміздің архивтен Күнқожа Қайрулла інім тауып көшіріп, артық дыбыстан тазалап берді. Тамдыға барған фольклорлық экспедиция жазып алған 9 күйі бар екен, соны нотаға түсірдім. Сосын баласы Советтің күйі бар екен, соның бәрін қосып, «Күйші Жаманқара» деген кітап шығардым. Жаманқараның күйлерінде Сыр бойының әуен-ырғақтары тұнып тұр. Кітапты шығарған соң әкемнің басына барып Құран оқыдым. Рухынан кешірім сұрадым. Өйткені сонша жыл Жаманқараны таппаған соң, әкемнің әңгімесіне де күмәндана бастағам, маған аңыз айтпады ма екен деп. Ал шынында, ол кісі тамаша бір күйшінің есімі ұмытылмай, күйлері халқымен қауышқанын қалаған екен!

– Ән-күйлердің нотаға түсуі қалыпты нәрсе. Жыр-термелерді өзіңіз нотаға түсірдіңіз. Ал орындалуының өзі бірнеше сағатты алатын көлемді «Алпамыс» дастанын нотаға түсіруіңізге не түрткі болды?

– Қазір, өзіңіз білесіз, төл мәдениетімізге көзқарас мүлде өзгеріп, басқа бағытқа кетіп қалды. Жастарымыз түгілі, үлкендеріміздің өзі ұлттық тамырдан ажырап бара жатқандай. Осындай кезде ұлттық мәдениетіміздің барлық саласын, оның ішінде ұлттық музыкамыздың барлық түрін насихаттауды бір сәтке де тоқтатпау керек. Білімді музыканттарымыздың өзі ұлттық туындыларды жадында сақтай бермейді, көбі нотамен ғана орындайды. Сондықтан нота білетіндерге эпостық шығарманы да, ең құрығанда қағазға қарап орындауға мүмкіндік берсек, ол да бір қажет іс шығар. Кітапқа түскенді мектепте, үйірмелерде үйретуге болады.

Жалпы, қазақты сақтап тұрған тілі мен музыкасы ғой! Жүздеген

дастанымыз сан ғасырдан осы күнге жетті. Қазір оны орындайтындар мүлде аз, тыңдайтындар да көп емес. Бірақ заман бұлай тұра бермес, күндердің күнінде қазақ тарихын, тамырын іздегенде ұлттық музыкаға, оның ішінде тыңдағанға рух беретін эпостарымызға оралатыны анық. Сол кезде «Алпамыс» секілді мұраларымыз айтуға, тыңдауға дайын тұрса дейміз.

Мен «Алпамыстың» Бидас Рүстембеков орындаған нұсқасының нотасын жаздым. Бидас – ата-бабасынан бері жыраулық үзілмей келе жатқан әулеттің өкілі. Мен түсірген нұсқаны біраз жыл бұрын Кенжехан Матыжанов арнайы студияда жазып алған екен. Мен сол жазбаны консерваторияның ректорына хат жаздырып отырып алдырдым. Тыңдағанда керемет енді, Бидас жырау «Алпамысты» 22 мақаммен 4 жарым сағаттан артық жырлаған. Соны толығымен нотаға түсіріп шықтым (негізі, дастанның нотасын жазу бұрын да тәжірибемде болған).

«Алпамыс» – көптеген түркі халқына ортақ көне мұра ғой, соны нотаға түсіруге 9 жарым ай уақытым кетті. Қиын болса да, ақырына дейін шыдап, ойға алған істі орындап шықтым.

Қазақ қай нәрсеге де рулық тұрғыдан қарайтын қызық халық қой, «Алпамысты» толық нотаға түсіргенімді естіген қоңырат руының бір кісісі «Кітап қылып шығарайық, демеуші табамыз» деді. Оның айтқан адамы «Мың данасын шығарыңыз, өткізіп беремін» деді. Бірақ сене қоймадым. Ақырында, әлгі «демеуші» жігіт өз есебімнен шығарған жүз дана кітаптың елу данасын ғана сатып алатынын айтты. Міне, бізде рухани мұраға деген көзқарас әлі осындай ғой. Ұлтқа қажет нәрсеге келгенде аузымыз бірігіп, қолдап кете бермейміз.

– А.Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» еңбегіндегі күйлерді қалпына келтіру» деген еңбегіңіз бар екен. Атауына қарағанда, бұрын біздің музыка зерттеушілерінің тәжірибесінде болмаған сияқты...

– Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» деген кітабымен музыкалық училищеде жүрген кезімнен таныспын. Училищенің соңғы сыныбында оқып жүргенде «Ақсақ құлан» күйін үйрендім. Сонда ұстазым Тасболат ағай «Ақсақ құланның» керемет варианты Затаевичтің кітабында ғой» деді. Содан кітапханаға барып әлгі кітапты алып көрдім. Түсінбедім. Одан соң музыкалық училищелер арасындағы конкурсқа қатысар кезде тағы қарадым. Біртүрлі, тартпады. Нотаға түсіргендері не әнге, не күйге ұқсамайды. Бұлай да нотаға түсіре ме екен деп қоя салдым. Кейін консерваторияға келгенде тағы алдымнан шықты. Кітапты алдыма алып, ішіндегі шығармаларды домбырамен ойнап көрем, біреуі қазақтың әніне не күйіне жақындамайды. Өстіп те нотаға түсіре ме екен деп, тағы да қоя салдым ол кітапты.

Осыдан 3-4 жыл бұрын атақты күйші Қамбар Медетовтің 120 жылдығына байланысты халықаралық конференция болды. Кейін конференция материалдары кітап болып шығып, оқып көрдім. Қамбар

Медетов 1936 жылы Мәскеуге барып «Ақсақ құланды» тартқанда, оны екі адам орындап тұр деп сахнаның артын қарап қайтқандар болған екен. Теріс бұраумен шертілетін ол күйдің сағадан тартылатын жерінде дыбыс екі аспаптан шығып тұрғандай естіледі, соны домбырамен таныс емес адамдардың миы қабылдай алмайды ғой. Міне, осы күйді нотаға түсірген Затаевич те домбыраны да, қазақ тілін де білмейтін адам, солай да болса ол күйдегі негізгі тақырып пен буынды барынша жақсы таңбалаған, тек домбыраның қағыстарын белгілей алмаған. Сондықтан мен А.Затаевич түсірген күйлердің біразына транспозиция жасап – қазіргі бұрауға лайықтап, күй қағыстарына сай штрихтарды орындорнына қойып көргенде, музыка сөйлеп кетті. Мен қолға алмағанша, А.Затаевичтің осыдан 99 жыл бұрын шыққан кітабындағы осы 18 қазақ күйіне ешкім назар аудармаған ғой, ешкімге керек болмаған! Соны қалпына келтіріп кітапқа шығардым. Осыған дейін бұл мұраларға салғырт қарап, ешкімнің қызықпағанын қалай түсіндіреміз? Ұлттық музыка кәсібилерге, сол салада жүргендерге ғана емес, бүкіл халыққа қажет. Кезінде қарапайым, қой бағып жүрген баладан бастап, ел билегендерге дейін домбыра тартып, ән салған. «Қазақтың 1000 әніне» ән бергендердің ішінде С.Сейфуллин, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов секілді тұлғалардың болуы бүгінгі шенеуніктерді ойландыра ма екен? Затаевичтің өзі айтқан екен, «Көшедегі қайыршысынан ел басқарған кісісіне дейін білетін музыкасы халықтық деңгейге көтерілген мұндай халықты көрмедім» деп. Ол сөз біздің есімізден шықпауы тиіс!

– Әңгімеңізге рахмет! Ұлттық музыкамызды өркендетуге қосып жатқан үлесіңіз лайықты бағасын ала беруіне тілектеспін.

**Сұхбаттасқан –
Ахмет Өмірзақ**